

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдени-ізгілік саласындағы 2006-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі N 837 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдени-ізгілік саласындағы 2006-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасының жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Ермұхамет Қабиденұлы Ертісбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдени-ізгілік саласындағы 2006-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдени-ізгілік саласындағы 2006-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

1994 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдениет, денсаулық сақтау, ғылым, білім, туризм және спорт салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету туралы келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып,

өзара түсіністікті нығайтуға, мәдениет, өнер, ғылым, білім, мұрағат ісі, жастар саясаты саласындағы тең құқылы ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге өзара ұмтылуға негізделе отырып,

мынадай салаларда ынтымақтасуға келісті:

1. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Осы Бағдарламаға енгізілген барлық қызмет түрлері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

1.2. Осы Бағдарламада көзделген барлық қызмет түрлері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады және қаржыландырылады. Егер әрбір жекелеген жағдайда шығындарды қаржыландырудың өзгеше тәртібі айтылмаған болса, әрбір Тарап осы Бағдарламаны іске асыруға байланысты барлық шығыстарды дербес к ө т е р е д і .

1.3. Тараптар мемлекеттерінің осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

қазақстан тарабынан - Мәдениет және ақпарат министрлігі - мәдениет, өнер, мұрағат ісі бөлігі бойынша; Білім және ғылым министрлігі - ғылым, білім, жастар с а я с а т ы б ө л і г і б о й ы н ш а ;

өзбек тарабынан - Мәдениет және спорт істері жөніндегі министрлік, Министрлер Кабинеті жанындағы "Узархив" агенттігі - мәдениет, өнер, мұрағат ісі бөлігі бойынша, Орта арнайы және жоғары білім министрлігі, Халық білімі министрлігі, "Камолот" қоғамдық қозғалысы - ғылым, білім және жастар саясаты бөлігі бойынша.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етіледі.

1.4. Осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Тараптар ынтымақтастығы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Мәдениет және өнер саласында

2.1. Тараптар мәдениет пен өнер саласындағы шығармашылық ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай жасайтын болады.

2.2. Тараптар бірлескен мәдени-ізгілік іс-шаралары шеңберінде Ташкент қаласында М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының, Алматы қаласында Өзбек ұлттық академиялық драма театрының алмасу гастрольдерін өткізеді.

2.3. Тараптар Қазақстан өкілдерінің Самарқанд қаласындағы "Шарқ тароналари" "Шығыс әуендері" атты IV (халықаралық музыка фестиваліне қатысуына ықпал ететін болады.

3. Мұрағат ісі саласында

3.1. Тараптар мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастықты дамытуға мынадай бағыттар бойынша ықпал етеді:

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Узархив" агенттігі арасында Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу;

- Өзбекстан Республикасының мұрағаттарынан Қазақстан тарихы бойынша құжаттарды іздеу және алу жөніндегі ғылыми-зерттеу экспедицияларын (іссапарлар) ұйымдастыру.

4. Білім және ғылым саласында

4.1. Тараптар білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында екі жақты байланысты нығайтуға жәрдем көрсетеді және мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты көтермелейді:

- Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының оқушылары арасында елдер арасындағы ынтымақтастыққа арналған шығармалар конкурсын өткізу;

- Ташкент, Шымкент қалаларында Қазақстан мен Өзбекстанның қазақ және өзбек тілдерінде оқытатын мектептерінің басшыларына арналған республикалық семинар-кеңес өткізу;

- Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының жоғары оқу орындарының көркемөнерпаздар ұжымдарының концерттерін өткізу;

- мәдени-ізгілік мұра саласында бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар және ғылыми-зерттеу жобаларын өткізу.

5. Жастар саясаты саласында

5.1. Тараптар жастар саясаты саласындағы ынтымақтастықты мынадай бағыттар бойынша дамытатын болады:

- студенттік командалардың қазақстан-өзбек фестивалін өткізу;

- Қазақстанның және Өзбекстанның жастар ұйымдары көшбасшыларының слетін өткізу.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешеді.

6.2. Осы Бағдарламаға Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамаларға қол қою жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6.3. Осы Бағдарлама қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.
_____жылғы "___" _____ қаласында екі түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдени-ізгілік саласындағы 2006-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына іс-шаралар жоспары

N	Іс-шаралар мазмұны	Өткізілу мерзімі	Орындаушылар	
Қазақстан Республикасы	Өзбекстан Республикасы			
Мәдениет саласында				
1.	М ы н а л а р д ы ң : - Ташкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының - Алматы қаласындағы Өзбек ұлттық академиялық драма театрының бірлескен мәдени-ізгілік іс-шаралары шеңберінде алмасу гастрольдерін өткізу	2007 жылғы қыркүйек 2008 жылғы қыркүйек	МАМ	МСМ
2.	Қазақстан өкілдерінің Самарқанд қаласындағы "Шарқ тароналари" ("Шығыс әуендері") атты IV-шы Халықаралық музыка фестиваліне қатысуы	2007 жылғы тамыз	МАМ	МСМ
Мұрағат ісі саласында				
3.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Узархив" агенттігі арасында Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу	2006-2007	МАМ	Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Узархив" агенттігі
4.	Өзбекстан Республикасының мұрағаттары мен кітапханаларынан Қазақстан тарихы жөніндегі құжаттарды іздеу мен алу бойынша ғылыми-зерттеу экспедицияларын (іссапарлар) ұйымдастыру	2008	МАМ	МСМ, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Узархив" агенттігі
Білім саласында				
5.	Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы оқушылары арасындағы елдер арасындағы ынтымақтастыққа арналған шығармалар конкурсы	2007	БҒМ	ХБМ
6.	Ташкент, Шымкент қалаларында Қазақстан мен Өзбекстанның қазақ және өзбек	2008		ХБМ

	тілдерінде оқытатын мектептерінің басшыларына арналған республикалық семинар-кеңес		БҒМ, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	
7.	Өзбекстан Республикасындағы қазақ тілінде оқытатын мектептерде және Қазақстан Республикасында өзбек тілінде оқытатын мектептерде сыныптан тыс сабақтарда қосымша пайдалану үшін оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттермен алмасу	жыл сайын	БҒМ	ХБМ
8.	Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының жоғары оқу орындары көркемөнерпаздар ұжымдарының концерттерін өткізу	2008 жылғы қазан	БҒМ, Қазақ ұлттық музыка академиясы	О А Ж Б М , Өзбекстанның мемлекеттік консерваториясы
Ғылым саласында				
9.	Мәдени-ізгілік мұра саласында бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар мен ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізу	2008	БҒМ, МАМ	ОАЖБМ
Жастар саясаты саласында				
10.	Студенттік командалардың қазақстан-өзбек фестивалін өткізу	2008	БҒМ	ОАЖБМ, "Камолот" қоғамдық қозғалысы
11.	Қазақстан және Өзбекстан жастар ұйымдары көшбасшыларының слеті	2008	БҒМ	ОАЖБМ, "Камолот" қоғамдық қозғалысы